

## ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН ИЕГЕРЛЕРІ

Өткен қазан айының 22-25 аралығында Алматы қаласында Республика күніне орай ұйымдастырылған «Менің Қазақстаным» атты студенттер арасында өткен талантты жастар шығармашылық онлайн байқауында, қазақ ақын-жазушыларының Отан, туған жер, Атамекен, туған өлке, тақырыптарына жазған елең-жырларын мәнерлеп оқу бойынша Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының жанынан құрылған «Абай әлеміне саяхат» және «Ұлттық тәрбие тағылымы» этнографиялық патриоттық - тәрбие бағытындағы үйірмесінің мүшелері, бірінші курстың ПСК-20-2 тобының студенті Касимова Лейла (*жетекшісі, аға оқытушы Хасен Мұрат Әбдірахманұлы*) мен ЦАФ-22-3 тобының өнерлі студенті Төлегенова Айбибі (*жетекшісі, аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі Әбілқасов Ғабиден Мәжитұлы*) сайысқа қатысып оң нәтиже көрсетті.

Байқаудың соңында, қазылар алқасының қорытынды шешімімен аталған екі сайыскер жүлделі бірінші орындарға ие болып, Республикалық дәрежедегі дипломдармен марапатталды.

